

**«ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР УАҚЫТЫ 3.0»**  
**жас кітапханашылар жобалары бойынша республикалық байқаудың**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже:**

1.1. Осы Ереже жас кітапханашылардың «Жаңа мүмкіндіктер уақыты 3.0» жобалары бойынша республикалық байқауды (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру мен өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін, байқау жұмыстарына қойылатын талаптарды және оларды бағалау өлшем шарттарын айқындайды.

1.2. Байқауды «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» РММ (бұдан әрі – ұйымдастырушы) ұйымдастырады.

**2. Байқаудың мақсаты:**

2.1. Жасанды интеллекті (бұдан әрі – ЖИ) пайдалана отырып, кітапханалық қызмет көрсетуде инновациялық тәсілдерді жетілдіру;

2.2. Жас кітапханашыларды кәсіби дамытуда және шығармашылық идеяларды жүзеге асыруына қолдау көрсету;

2.4. Жас мамандар арасында тәжірибе алмасу және ынтымақтастық үшін платформа құру.

**3. Байқаудың міндеттері:**

3.1. Кітапхана саласында ЖИ қолдану туралы білім беру және тәжірибе алмасу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;

3.2. Кітапханалық қызмет көрсетуде ЖИ қолданудың ең үздік тәжірибелерін іріктеу және бағалау;

3.3. Қатысушылар арасында шығармашылық шешімдер мен жаңа идеяларды ынталандыру;

3.4. Заманауи технологияларға қызығушылық танытатын жас кітапханашылар қауымдастығын қалыптастыру.

**4. Байқауға қатысушылар:**

4.1. Байқауға 35 жасқа дейінгі еліміздің ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты көпшілік және Қазақстанның Жоғарғы оқу және орта білім беру орындары кітапханаларының жас кітапханашылары қатыса алады;

4.3. Байқау жұмысын жеке автор немесе кітапхананың авторлық жобасы ретінде орындай алады.

**5. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:**

5.1. Қатысушылар кітапханада ЖИ қолдануға байланысты жобаларды, идеяларды немесе зерттеулерді ұсынады;

5.3. Жұмыстар мәтін немесе мультимедиялық материалдар (3 минуттық презентациялар, бейнелер) түрінде ұсынылуы қажет.

## **6. Байқау өткізу тәртібі:**

6.1. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

**1 кезең** 2024 жылдың 15 қарашасына дейін [белгіленген тіркеу нысаны](#) бойынша онлайн-өтінімдерді қабылдау және жобаларын «ЖИ байқауы\_Тегі» атаумен 15 қарашаға дейін [suer.kazneb@gmail.com](mailto:suer.kazneb@gmail.com) электрондық поштасына жібереді.

**2 кезең** 16-20 қараша аралығында ұйымдастыру комитеті мен байқау жұмыстарын бағалау жөніндегі сараптама комиссиясының іріктеу жұмысы;

**3 кезең** 21 қараша күні қатысушылардың жобаларын қорғауы, байқауды қорытындылау, салтанатты марапаттау рәсімі.

## **7. Жеңімпаздарды марапаттау**

7.1. Байқау жеңімпаздары дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

7.2. Байқаудың барлық қатысушылары қатысушы Сертификатын алады.

7.3. Байқау барысы, байқау нәтижелері және жеңімпаздарды марапаттау туралы ақпарат кітапхана сайтында, әлеуметтік желілерде және БАҚ беттерінде жарияланады.